

Жануарлар дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеу мен тыйым салуды енгізу, оларды пайдалану орындары мен мерзімдерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 8 сәуірдегі № 18-04/323 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 17 сәуірде № 10750 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 25 қыркүйектегі № 18-3/852 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 25.09.2015 № 18-3/852 бұйрығымен.

«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңы 9-бабының 1 тармағы

62) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес балық ресурстары мен басқа да су жануарларын, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеу мен тыйым салу енгізілсін.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес балық ресурстары мен басқа да су жануарларын, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалану орындары мен мерзімдері белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауыл шаруашылығы министрі *Қазақстан Республикасының*
А. Мамытбеков

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігінің
2015 жылғы 8 сәуірдегі
№ 18 - 04 / 3 2 3
1-қосымша

Балық ресурстары мен басқа да су жануарларын, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеу мен тыйым салу

1. Жалпы ережелер

1. Осы балық ресурстары мен басқа да су жануарларын, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеу мен тыйым салу (бұдан әрі – шектеу мен тыйым салу) «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңы 9-бабының 1 тармағы 62) тармақшасына сәйкес әзірленді (бұдан әрі - Заң).

2. Балық ресурстары мен басқа да су жануарларын сақтау және өсімін молайту мақсатында шектеу мен тыйым салу олардың мекендеу ортасы ареалдарының (таралу облыстарының) географиялық, климаттық ерекшеліктері ескеріле отырып енгізіледі.

3. Балық ресурстары мен басқа да су жануарларын, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеу мен тыйым салу тәртібі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-04/148 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10606 тіркелген) Балық аулау қағидаларында айқындалатын ғылыми-зерттеу (мемлекеттік тапсырыс шеңберінде), бақылау, мелиоративтік аулауды, өсімін молайту мақсатында (мемлекеттік тапсырыс шеңберінде) аулауды жүзеге асыруға, сондай-ақ тауарлы балықты жасанды өсіру үшін пайдаланылатын су айдындарына қолданылмайды.

4. Ұяшықталатын аулау құралдарында ауланған балықтың 8%-нан және сүзгіш аулау құралдарында 5%-нан артық көлемде өзге балық түрлерінің және кәсіпшілік мөлшеріне сәйкес емес балықтың аулануына тыйым салу енгізілсін.

5 . М ы н а :

1) үшкір аулау құралдарын (шанышқы, найза, қапқан), өздігінен аулау құралдарын (ілмек, тартпа, артпа), жарылғыш және уландырғыш заттарды, сондай-ақ оқпен атылатын қаруларды қолдана отырып;

2) қолдануы Балық аулау қағидаларында және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 18-04/17 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №

10266 тіркелген) Қолдануға рұқсат етілген кәсіпшілік және кәсіпшілік емес балық аулау құралдарының түрлері мен тәсілдерінің тізбесіне енгізілмеген балық аулау құралдарымен, әдістермен және тәсілдермен;

3) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 18-04/675 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10168 тіркелген) Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттар беру қағидаларына сәйкес нысан бойынша балық аулау қағидаларында және жануарлар дүниесін пайдалану рұқсатында көзделген тор көзі кіші аулау құралдарын қолдана отырып;

4) осы шектеу мен тыйым салумен белгіленген қысқы кезеңде балықтардың қыстайтын шұңқырларында, уылдырық шашу кезеңінде уылдырық шашатын жерлерде және өзге де учаскелерде, мерзімдерде және орындарда;

5) осы шектеу мен тыйым салумен белгіленген балық ресурстары мен басқа да су жануарларының көбею кезеңінде олардың шоғырлану орындары мен ө р і с т е у ж о л д а р ы н д а ;

6) үркіту, сылдырлау арқылы шошыту, қуалау тәсілдерімен;

7) балық аулау қағидасында белгіленген кәсіпшілік мөлшерден аз балық ресурстары мен басқа да су жануарларын аулауға тыйым салынсын.

2. Арал-Сырдария балық шаруашылығы бассейні бойынша шектеу мен тыйым салу

6. Балық ресурстары мен басқа да су жануарларының уылдырық шашу және көбеюі кезеңінде мынадай орындар мен мерзімдерде:

1) Шығыс тасталым сызығынан (Құркелес өзенінің сағасы) Өзбекстан Республикасының мемлекеттік шекарасына дейінгі Сырдария өзенінде және Шардара су қоймасының (Шығыс тасталым, Құркелес, Отырлы өзендерінің сағасы, Корей шығанағы) негізгі уылдырық шашу учаскелерінде 1 сәуірден 30 маусымды қоса алғандағы аралықта;

2) Шардара су қоймасының су айлағында 10 сәуірден 20 мамырды қоса алғандағы аралықта;

3) ауларды қолдана отырып Крепость мүйісі (оң жақ жағалау) мен Әскери бөлім (сол жақ жағалау) шығанағынан Шардара су электрстанциясының (бұдан әрі – СЭС) бөгетіне дейінгі Шардара су қоймасының бөгет алды учаскесінде 1 желтоқсаннан 29 ақпанды қоса алғандағы аралықта;

4) Оңтүстік Қазақстан облысы шегіндегі су айдындарда және Шардара су қоймасынан Қызылорда облысының әкімшілік шекарасына дейінгі Сырдария өзенінде 15 сәуірден 31 мамырды қоса алғандағы аралықта;

5) сағадан Оңтүстік Қазақстан облысының әкімшілік шекарасына дейінгі

Сырдария өзенінде 1 сәуір мен 30 мамырды қоса алғандағы аралықта;

6) Кіші Арал теңізінің су айлағында 1 мамырдан 10 маусымды қоса алғандағы аралықта ;

7) Қызылорда облысының шегіндегі су айдындарында 20 сәуірден 10 маусымды қоса алғандағы аралықта балық аулауға тыйым салу енгізілсін.

7. Артемияның көбеюі кезеңінде Өзбекстан Республикасының мемлекеттік шекарасына дейін Қазақстан Республикасының аумағы шегінде Тұщыбас, Чернышева шығанақтарын қоса алғанда, Үлкен Арал теңізінде 1 сәуірден 31 шілдені қоса алғандағы аралықта артемия жұмыртқаларын жинауға және дайындауға тыйым салу енгізілсін.

8. Тыныштық аймағын құру мақсатында мынадай орындарда:

1) Арыс және Келес өзендерінде;

2) Сырдария өзені Кіші Арал теңізіне құятын жерінен Көкарал бөліп тұру бөгетіне дейінгі оңтүстік бағытта, Көкарал түбегіне дейінгі батыс бағытта, солтүстік және солтүстік-шығыс бағыттарда 5 километр (бұдан әрі – км), Сырдария өзенінің ағысымен жоғары бағытта 5 км учаскеде жыл бойы балық аулауға тыйым салу енгізілсін.

Ескертпе: балық өлімін болдырмау мақсатында Көкарал бөгетінің төменгі бьефінде, Кіші Арал теңізін Үлкен Арал теңізімен байланыстыратын жылғада, сондай-ақ Үлкен Арал теңізіне суды тастау кезінде 2 км бөгет алды аймақта балық аулауға жол беріледі.

3. Балқаш-Алакөл балық шаруашылығы бассейні бойынша шектеу мен тыйым салу

9. Балық ресурстары мен басқа да су жануарларының уылдырық шашу және көбеюі кезеңінде мынадай орындар мен мерзімдерде:

1) Балқаш көлінде 15 сәуірден 1 маусымды қоса алғандағы аралықта;

2) Балқаш көліне құятын сағалардан 5 км ағыспен жоғары бағытта, сондай-ақ Балқаш көлінің ішкі бағыттарында және екі жақтағы 5 км кеңістіктегі сағаларды, жылғаларды және жайылымдарды қоса алғанда, Қаратал, Ақсу, Лепсі, Аягөз өзендерінде 15 сәуірден 1 маусымды қоса алғандағы аралықта;

3) Қапшағай су қоймасында және оған келіп құятын барлық өзендерінде және су ағындарында 5 сәуірден 20 мамырды қоса алғандағы аралықта;

4) Алакөл, Сасықкөл, Қошқаркөл көлдерінде және олардың құяр сағалары мен шығанақтарында, Үржар, Бесқопа, Ырғайты, Теректі, Тентек, Қатынсу, Емел, Ұялы, Қаракөл, Жіңішкесу, Шынжылы өзендерінде 10 сәуірден 1 маусымды қоса алғандағы аралықта ;

5) Қапшағай СЭС бөгетінен 6-шы балық қабылдау пунктіне (Аралтөбе ауылы

) дейінгі Іле өзенінде кәсіпшілік емес балық аулау құралдарын қолдана отырып 5 сәуірден 5 маусымды қоса алғандағы аралықта;

6) Іле өзенінің барлық атырауында кәсіпшілік емес балық аулау құралдарын қолдана отырып 15 сәуірден 1 маусымды қоса алғандағы аралықта;

7) Шарын өзенінің сағасынан Қытай Халық Республикасының (бұдан әрі – ҚХР) мемлекеттік шекарасына дейінгі Іле өзенінде кәсіпшілік емес балық аулау құралдарын қолдана отырып, 25 наурыздан 5 шілдені қоса алғандағы аралықта балық аулауға тыйым салу енгізілсін.

10. Тыныштық аймағын құру мақсатында мынадай орындарда:

1) кәсіпшілік балық аулау құралдарын қолдана отырып Қапшағай СЭС бөгетінен 6-шы балық қабылдау пунктіне (Аралтөбе кенті) дейінгі Іле өзенінде және Іле өзенінің барлық атырауында;

2) кәсіпшілік балық аулау құралдарын қолдана отырып Шарын өзенінің сағасынан ҚХР мемлекеттік шекарасына дейін Іле өзенінде;

3) Қапшағай су қоймасының сол жақ жағалауындағы Үтік шоқысын (аңшылық шаруашылығы кордоны) және оң жақ жағалаудағы бұрынғы 96 км (қорықшылар үйі) және қосатын тік сызықтан Іле өзенінің ағысымен жоғарғы бағытта Шарын өзенінің сағасына дейін;

4) Жалаңашкөл көлінде жыл бойы балық аулауға тыйым салу енгізілсін.

1. Балқаш көлінде жылымдарды қолдана отырып қанаттары толық ашылғаннан кейін екі қанатын бір уақытта моторлы тарту (тралдау тәсілі) арқылы балық аулауға тыйым салу енгізілсін.

4. Ертіс балық шаруашылығы бассейні бойынша шектеу мен тыйым салу

12. Балық ресурстары мен басқа да су жануарларының уылдырық шашу және көбеюі кезеңінде мынадай орындар мен мерзімдерде:

1) Жайсан көлінде және Қарақастан Батин шоқысына дейінгі Бұқтырма су қоймасының көл-өзен бөлігінде 16 сәуірден 30 мамырды қоса алғандағы аралықта ;

2) Батин шоқысынан Бұқтырма СЭС дейін Бұқтырма су қоймасының терең бөлігінде 1 мамырдан 15 маусымды қоса алғандағы аралықта;

3) Шұлбі және Өскемен су қоймаларында, Өскемен СЭС-нан Шұлбі су қоймасына дейін және Шұлбі СЭС-нан Павлодар облысының әкімшілік шекарасына дейін Ертіс өзенінде 10 мамырдан 10 маусымды қоса алғандағы аралықта ;

4) Павлодар облысының арқалық, тұщы және тұзды су айдындарында, Шығыс Қазақстан облысының әкімшілік шекарасынан Ресей Федерациясының мемлекеттік шекарасына дейінгі аралықтағы Ертіс өзенінде және оның

жайылмалы су айдындарында 10 мамырдан 20 маусымды қоса алғандағы аралықта балық аулауға тыйым салу енгізілсін.

13. Ақсаха балық түрлері уылдырық шашу және артемияның көбеюі кезеңінде мынадай орындар мен мерзімдерде:

1) Жайсан көлінде, Бұқтырма және Өскемен су қоймаларында және Өскемен СЭС-нан Шүлбі су қоймасына дейін және Шүлбі СЭС-нан Павлодар облысының әкімшілік шекарасына дейінгі Ертіс өзенінде ақсаха балық түрлерін 10 қарашадан 10 желтоқсанды қоса алғандағы аралықта аулауға;

2) Павлодар облысының су айдындарында артемия жұмыртқаларын 1 сәуірден 31 шілдені қоса алғандағы аралықта жинауға және дайындауға тыйым салу енгізілсін.

14. Тыныштық аймағын құру мақсатында мынадай орындарда:

1) Ұлтарак мүйісін бұрынғы Ескі Қарақас кентімен байланыстыратын сызығынан батысқа қарай Жайсан көлінің солтүстік-батыс бөлігінде;

2) Аманат-Сақтаған-Қамысзауыт сызығынан шығысқа қарай Қара Ертіс өзенінің атырауында;

3) Жайсан көліне құятын жерден ҚХР мемлекеттік шекарасына дейінгі Қара Ертіс өзенінде;

4) Ойран-Жасыл сызығынан шығысқа қарай (Торанғы шығанағы);

5) Қозғалмалы механикаландырылған колона мүйісімен Қуандық мүйісін байланыстыратын сызықтан шығысқа қарай Үлкеннарым шығанағында;

6) кәсіпшілік балық аулау құралдарын қолдана отырып бастауынан сағасына дейінгі аралықтағы Боқан, Көкпекті, Күршім, Бұқтырма, Нарым, Қалжыр, Ақ-Қаба, Қара-Қаба, Ақсу, Кендірлік өзендерінде және олардың құймаларында;

7) кәсіпшілік балық аулау құралдарын қолдана отырып Шүлбі су қоймасының Қызыл-Су, Шүлбі, Ковалевский, Осиха шығанақтарында, Өскемен су қоймасының Таловский шығанағында және Оба өзенінің жылғасында жыл бойы балық аулауға тыйым салу енгізілсін.

15. Бекіре тұқымдас балық түрлерін аулауға жыл бойы тыйым салу енгізілсін.

5. Есіл балық шаруашылығы бассейні бойынша шектеу мен тыйым салу

16. Балық ресурстары мен басқа да су жануарларының уылдырық шашу және көбеюі кезеңінде мынадай орындар мен мерзімдерде:

1) Есіл бассейнінің су айдындарында: шортан, аққайран және көксерке – 15 сәуірден 15 мамырды қоса алғандағы аралықта;

сазан (тұқы) – 20 мамырдан 20 маусымды қоса алғандағы аралықта;

гамарус – 1 тамыздан 14 қыркүйекті қоса алғандағы аралықта;

артемия жұмыртқалары – 1 наурыздан 15 маусымды қоса алғандағы аралықта

;

өзен шаяндары – 1 маусымнан 15 шілдені қоса алғандағы аралықта аулауға (ж и н а у ғ а , да й ы н д а у ғ а) ;

2) Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарының шегіндегі Есіл, Нұра, Сілеті өзендерінде және олардың барлық құймалары мен су қоймаларында 20 сәуірден 20 мамырды қоса алғандағы аралықта балық аулауға тыйым салу енгізілсін.

6. Нұра-Сарысу балық шаруашылығы бассейні бойынша шектеу мен тыйым салу

17. Балық ресурстары мен басқа да су жануарларының уылдырық шашу және көбеюі кезеңінде мынадай орындар мен мерзімдерде:

1) Нұра-Сарысу бассейнінің су айдындарында:
көксерке – 20 сәуірден 20 мамырды қоса алғандағы аралықта;
сазан (тұқы) – 15 мамырдан 30 маусымды қоса алғандағы аралықта аулауға;
2) Қаныш Сәтбаев атындағы каналдың барлық су қоймаларында (Екібастұз, № 1-11 гидротораптары, № 29 Тұзды су жібергіші):
көксерке – 20 сәуірден 20 мамырды қоса алғандағы аралықта;
сазан (тұқы) – 1 мамырдан 30 маусымды қоса алғандағы аралықта аулауға
т ы й ы м с а л у е н г і з і л с і н .

18. Тыныштық аймағын құру мақсатында мынадай орындарда:

1) Шерубай-Нұра су қоймасы – Шерубай-Нұра өзенінің сағасынан 1 км, Шерубай-Нұра өзенінің сағасынан су қойманың оңтүстік жағалауымен 2 км және сағадан солтүстік жағалаумен 1 км жердегі Шерубай-Нұра өзенінің саға алды у ч а с к е с і н д е ;

2) Самарқанд су қоймасы – солтүстік жағалаумен 2 км бойы және оңтүстік жағалаумен 1,5 км бойы су қойманың шығыс бөлігінде, сондай-ақ 500 метр (бұдан әрі – м) сағадан шығысқа қарай Нұра өзенінің арнасында;

3) Шалқар және Рудный көлдері – өзара байланыстыратын жылғада, шығанаққа дейінгі Рудный көлінде, 500 м Шалқар көлінің ішкі бағытындағы учаскеде жыл бойы балық аулауға тыйым салу енгізілсін.

7. Тобыл-Торғай балық шаруашылығы бассейні бойынша шектеу мен тыйым салу

19. Балық ресурстары мен басқа да су жануарларының уылдырық шашу және көбеюі кезеңінде мынадай орындар мен мерзімдерде:

1) Қостанай облысының Арқалық қаласы мен Амангелді, Жангелді

аудандарының су айдындарында:
шортан – 20 наурыз бен 20 сәуірді қоса алғандағы аралықта;
сазан (тұқы), табан, оңғақ, көксерке – 20 сәуірден 30 мамырды қоса алғандағы
аралықта аулауға;

2) Қостанай облысының басқа аудандары мен қалаларының су айдындарында:

мөңке – 20 мамырдан 10 маусымды қоса алғандағы аралықта;
шортан, аққайран – 10 сәуірден 10 мамырды қоса алғандағы аралықта;
сазан (тұқы), табан, оңғақ, көксерке – 20 мамырдан 30 маусымды қоса
алғандағы аралықта;

ақсаха балық түрлері – 20 қазаннан 30 қарашаны қоса алғандағы аралықта;
нәлім – 1 желтоқсаннан 31 қаңтарды қоса алғандағы аралықта;
шаян – 15 қазан мен 30 маусымды қоса алғандағы аралықта аулауға;

3) Торғай мемлекеттік табиғи қорықтың (зоологиялық) аумағында орналасқан
су айдындарда 15 сәуірден 31 тамызды қоса алғандағы аралықта балық аулауға;

4) Ақтөбе облысының басқа су айдындарында:
шортан, көксерке, беріш, аққайран, ақмарқа, қызыл көз, торта, алабұға, тұрпа,
тарак балық – 20 сәуірден 20 мамырды қоса алғандағы аралықта;
сазан (тұқы), мөңке, оңғақ, жайын, қызыл қанатты шұбар балық, айнакөз,
табан – 20 мамырдан 15 маусымды қоса алғандағы аралықта;
нәлім – 1 желтоқсаннан 31 қаңтарды қоса алғандағы аралықта;
ақсаха балық түрлері – 20 қазан мен 30 қарашаны қоса алғандағы аралықта;
шаян – 15 қазаннан 30 маусымды қоса алғандағы аралықта аулауға;

5) кәсіпшілік емес балық аулау құралдарын қолдана отырып 15 сәуірден 1
шілдені қоса алғандағы аралықта:

сағадан (Демалыс үйі мүйісі) Котюбок шығанағының жоғарғы жағына дейінгі
Жоғарғы-Тобыл су қоймасында;

Халвай кентінен Аят бұлағының бөгетіне (Тобыл қолтығы) дейінгі аралықта
және автожол көпірінен (Рудный қаласы – Тобыл станциясы тас жолы) Майский
ауылына (Аят қолтығы) дейінгі Қаратомар су қоймасында балық аулауға тыйым
салың.

20. Тыныштық аймағын құру мақсатында мынадай орындарда:

1) сағадан (Демалыс үйі мүйісі) Котюбок шығанағының жоғарғы жағына
дейінгі Жоғарғы-Тобыл су қоймасында;

2) Халвай кентінен Аят бұлағының бөгетіне (Тобыл қолтығы) дейінгі
аралықта және автожол көпірінен (Рудный қаласы – Тобыл станциясы тас жолы)
Майский ауылына (Аят қолтығы) дейінгі Қаратомар су қоймасында;

3) Ырғыз-Торғай жүйесінің көлдері арасындағы жылғаларда, сондай-ақ
сағадан Дүкен аулына дейінгі Өлкейік өзенінде, Ақтөбе облысы шегіндегі

Телқара және Торғай өзендерінде жыл бойы кәсіпшілік балық аулау құралдарын қолдана отырып балық аулауға тыйым салу енгізілсін.

8. Жайық-Каспий балық шаруашылығы бассейні бойынша шектеу мен тыйым салу

21. Балық ресурстары мен басқа да су жануарларының уылдырық шашу және көбеюі кезеңінде мынадай орындарда, учаскелерде және мерзімдерде:

1) Каспий теңізі қазақстандық секторы солтүстік бөлігінің су айлағында 10 мамырдан 31 тамызды қоса алғандағы аралықта;

2) Каспий теңізі қазақстандық секторының Түпқараған мүйісінен Бұрыншық мүйісіне дейінгі Маңғышлақ мыңаралы аралдары мен жапсарлас жағалауында 15 қарашадан 15 наурызды қоса алғандағы аралықта;

3) Жайық пен Қиғаш өзендерінің жанама су айдандарында 1 сәуірден 31 тамызды қоса алғандағы аралықта;

4) Жайық өзенінің Золотой арнасындағы Төменгі Пешной (өсімін молайтуға арналған ұйықтық учаскесі), Кіші Дамба, Төменгі Дамба, Жоғарғы Дамба, Жоғарғы Золотой, Төменгі Золотой, Жоғарғы Зарослый, Төменгі Зарослый, Золотенок ұйықтық учаскелерінде, Яицкий арнасындағы Еркінқала, Жоғарғы Сол жақ Яицкий, Төменгі Сол жақ Яицкий ұйықтық учаскелерінде, Жайық өзеніндегі Жаңа Лицевая, Ескі Лицевая, Бугорки, ғылыми зерттеуге арналған Төменгі Татар ұйықтық учаскелерінде 25 сәуірден 15 тамызды қоса алғандағы аралықта және мұз қатқан кезеңде;

5) Қиғаш өзеніндегі Қамыс, Қарақамыс, Дамба, Круглая, Қызылоба, Қараағаш, Булгач, Төменгі Богатин, Бақыт, Золотенок, Тимофеев, Ягодка, Песок, Жаңа Лицевая ұйықтық учаскелерінде 25 мамырдан 15 тамызды қоса алғандағы аралықта және мұз қатқан кезеңде;

6) Құшым өзенінде және Киров, Битик, Донголюк, Пятимар су қоймаларында 1 мамырдан 15 шілдені қоса алғандағы аралықта;

7) Шалқар көлінде, Жайық-Құсмұрын суғару-суару жүйесінің көлдерінде және Қамыс-Самара жүйесінің көлдері мен өзендерінде 1 мамырдан 31 мамырды қоса алғандағы аралықта;

8) Батыс Қазақстан облысының басқа су айдындарында 1 мамырдан 15 маусымды қоса алғандағы аралықта балық аулауға тыйым салу енгізілсін.

Ескерту. 21-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 15.04.2013 № 351 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.05.2013 № 472 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

22. Жайық өзеніндегі стационарлық ұйықтық учаскелерінде (күндіктер)

мынадай шектеулер енгізілсін:

1) көктемдік балық аулау маусымында 25 сәуірге дейін 5:3 (5 күн балық ауланады, 3 күн тыйым салынады);

2) күздік балық аулау маусымында мұз қатқанға дейін 5:2 (5 күн балық ауланады, 2 күн тыйым салынады).

23. Кәсіпшілік емес балық аулау құралдарын қолдана отырып:

1) Атырау облысының шегіндегі Жайық өзенінде 1 сәуірден 15 шілдені қоса алғандағы аралықта;

2) Атырау облысының шегіндегі Жайық өзенінде мұз қатқан кезеңде сейсенбі және сәрсенбі күндері;

3) Қиғаш өзенінде, оның барлық каналдары мен өзектерінде сенбі, жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, 20 сәуірден 20 мамырды қоса алғандағы аралықта;

4) Батыс Қазақстан облысының шегіндегі Жайық өзенінде және оның барлық жанама су айдындарында (старицалар, құймалар, жылғалар, өзектер) 10 сәуірден 15 маусымды қоса алғандағы аралықта;

5) Батыс Қазақстан облысының басқа су айдындарда 1 мамырдан 31 мамырды қоса алғандағы аралықта;

6) тәуліктің түнгі уақытында балық аулауға тыйым салу енгізілсін.

24. Барлық суда 1 мамырдан 30 қыркүйекті қоса алғандағы аралықта шаяндарды аулауға тыйым салу енгізілсін.
2 5 . Мына :

1) өсімін молайту кәсіпорындарын (мемлекеттік тапсырысты орындау шеңберінде);

2) ғылыми зерттеу үшін аулауды жүзеге асыратын ғылыми ұйымдарын;

3) бекіре тұқымдас балық түрлерін аулауға квотасы болған жағдайда мемлекеттік монополия субъектісін қоспағанда, жеке және заңды тұлғаларға бекіре тұқымдас балық түрлерін аулауға тыйым салу енгізілсін.

26. Тыныштық аймағын құру мақсатында мынадай орындарда:

1) сағадан Кіші Дамба ұйықтық учаскесіне дейінгі және Төменгі Татар ұйықтық учаскесінен Батыс Қазақстан облысының әкімшілік шекарасына дейінгі Ж а й ы қ ө з е н і н д е ;

2) кәсіпшілік балық аулау құралдарын қолдана отырып, Батыс Қазақстан облысының шегіндегі Жайық өзенінде;

3) Жайық өзенінің төменде көрсетілген шегінде: батысында – 47003' солтүстік ендіктегі (бұдан әрі – с.е.) 51033' шығыс бойлықтағы (бұдан әрі – ш.б.) нүктесін 46050' с.е. и 51022' ш.б. нүктесімен қосатын тік сызық бойымен; шығысында – 460511 с.е. и 520091 ш.б. нүктесін 460381 с.е. и 510421 ш.б.

нүктесімен қосатын тік сызық бойымен;
оңтүстігінде – 460381 с.е. и 510421 ш.б. нүктесін 460501 с.е. и 510221 ш.б.

нүктесімен қосатын тік сызық бойымен саға алды кеңістігінде;

4) Қиғаш өзенінің (Еділ өзені атырауының шығыс бөлігі) төменде көрсетілген ш е г і н д е :

батысында – Каныченский балық өту каналының сол жақ жағалауымен Телячинский балық өту каналымен қиылысқан жерінен Коневский балық өту каналымен қиылысқан жеріне дейін;

шығысында – Ганюшкинский балық өту каналының оң жақ жағалауымен 70 км-нан 112 км (Коневский балық өту каналымен қиылысқан жері) дейін;

оңтүстігінде – Коневский балық өту каналының сол жақ жағалауымен Каныченский балық өту каналының қиылысқан жерінен Ганюшкинский балық өту каналының 112 км дейін;

солтүстігінде – Каныченский балық өту каналымен Телячинский балық өту каналы қиылысқан жерінен Ганюшкинский балық өту каналының 70 км дейінгі тік сызық бойымен саға алды кеңістігінде;

Ескертпе: Қиғаш өзенінің саға алды кеңістігінде Птичий, Ватажный, Иголкинский, Коневский, Мальцев, Новинский, Жар-Көсе, Тришкин, Деменьев, Верхняя коса учаскелерінде балық аулауға жол беріледі;

5) балық өту каналдардан 1 км екі жақ бағытта олардан 2 м тереңдікке дейін балық өту каналдарында;

6) Каспий теңізі қазақстандық секторының 67, 93, 94, 95, 98, 99, 123, 124, 125, 128, 150, 154, 155, 158, 159, 160, 181, 182, 187, 218, 219, 259, 260, 300 квадраттарында кәсіпшілік балық аулау құралдарын қолдана отырып, жыл бой балық аулауға тыйым салу енгізілсін.

27. Қыс мезгілінде:

1) Жайық өзенінің мынадай қыстау шұңқырларында:

Буровиков – Буровиков ауылына қарама-қарсы, Бугорки ұйықтық учаскесінен 1,2 км жоғары Жайық өзенінде. Параметрлері: ені – 98 м, ұзындығы – 95 м, тереңдігі – 9 м, ауданы – 0,93 гектар (бұдан әрі – га). Координаттары: №47⁰ 13.062 Е 051⁰ 55.350;

Теңдік – Теңдік ауылына қарама-қарсы Жайық өзенінде. Параметрлері: ені – 150 м, ұзындығы – 90 м, тереңдігі – 13 м, ауданы – 1,35 га. Координаттары: №47⁰ 09.825 Е 051⁰ 56.408;

Водозаборлық – Жайық өзенінде, 1 учаске, қалалық су тарту Су-Арнасы. Параметрлері: ені – 88 м, ұзындығы – 135 м, тереңдігі – 10 м, ауданы – 1,18 га. Координаттары: №47⁰ 07.813 Е 051⁰ 55.733;

ОСВОД – ОСВОД-қа қарама-қарсы Жайық өзенінде. Параметрлері: ені – 50 м

, ұзындығы – 140 м, тереңдігі – 9,8 м, ауданы – 0,7 га. Координаттары: №47⁰
06.750 E 051⁰55.147;

Қалалық – Жайық өзеніндегі АМӨЗ су жинақтағышына қарама-қарсы.
Параметрлері: ені – 50 м, ұзындығы – 120 м, тереңдігі – 16 м, ауданы – 0,6 га.
Координаттары: №46⁰57.240 E051044.019;

Үлкен Дамба – мұз базасынан ағыспен жоғарға қарай 500 м Жайық өзенінің
Золотой арнасында. Параметрлері: ені – 100 м, ұзындығы – 300 м, тереңдігі – 8,7
м, ауданы – 3,0 га. Координаттары: №46⁰57.813 E051⁰45.252;

Кіші Дамба – Золотой арнасы Дамба жылғасымен түйіскен жерінен ағыспен
төмен қарай ұзақтығы 200 м. Параметрлері: ені – 75 м, ұзындығы – 90 м,
тереңдігі – 9,0 м, ауданы – 0,7 га. Координаттары: №46⁰57.240 E051⁰44.019;

Төменгі Пешной – Сасық өзенінің жанында Жайық өзенінде. Параметрлері:
ені – 100 м, ұзындығы – 90 м, тереңдігі – 9,8 м, ауданы – 0,9 га. Координаттары:
№46⁰54.045 E 051⁰30.558;

Үлкен Ганюшин – Яицкий жылғасындағы, сағадан жылғалармен 10 км
ағыспен жоғары қарай балық қадағалау постының маңынан 240 м Жайық
өзенінің атырауында. Параметрлері: ені – 60 м, ұзындығы – 50 м, тереңдігі – 8,0
м, ауданы – 0,3 га. Координаттары: №47⁰00.564 E051⁰47.368;

Кіші Ганюшин – Үлкен Ганюшин шұңқырынан 1 шқ ұзындығы 280 м
құрайтын Яицкий жылғасында. Параметрлері: ені – 90 м, ұзындығы – 30 м,
тереңдігі – 6,5 м, ауданы – 0,27 га. Координаттары: №47⁰00.668 E051⁰47.438;

Теңіздік – Яицкийдің оң жақ арнасында, Сол жақ Узенький жылғасының
сағасынан 3 шқ ұзақтығы 150 м. Параметрлері: ені – 20 м, ұзындығы – 20 м,
тереңдігі – 4,5 м, ауданы – 0,04 га. Координаттары: №47⁰00.317 E051⁰44.802;

Қара – Золотой арнасынан бөлінген жерінен 300 м Яицкий арнасында.
Параметрі: ені – 50 м, ұзындығы – 25 м, тереңдігі – 6,9 м, ауданы – 0,12 га.
Координаттары: №47⁰03.516 E051⁰50.895;

Кукушин	–	Атырау	қаласынан	208	км;
Абишев	–	Атырау	қаласынан	397	км;
Круглов	–	Атырау	қаласынан	400	км;
Камнов	–	Атырау	қаласынан	461	км;
Сахарлық	–	Атырау	қаласынан	472	км;
Бабров	–	Атырау	қаласынан	578	км;
Жыра	–	Атырау	қаласынан	629	км;
Вонючая	–	Атырау	қаласынан	650	км;
Вертячая	–	Атырау	қаласынан	654	км;
Джилимная	–	Атырау	қаласынан	681	км;

Көк базар – Атырау қаласынан 718 км;

2) Қиғаш өзенінің мынадай қыстау шұңқырларында:

Дамба – Сумница өзеніндегі Дамба ұйықтық учаскесінің жылғасынан ағыс бойымен төменгі бағытта 850 м. Параметрлері: ені – 220 м, ұзындығы – 100 м, тереңдігі – 12 м, ауданы – 2,2 га. Координаттары: №46⁰28.41 E048⁰50.52;

Корзиналық – Корзиналық өзеніндегі Тік Каныча өзенінің бастауынан ағыс бойымен төменгі бағытта Манчаус өзенінің ойпатына дейін ұзындығы 2000 м. Параметрлері: ені – 130 м, ұзындығы – 95 м, тереңдігі – 10-12 м, ауданы – 1,3 га. Координаттары: №46⁰28.37 E049⁰04.40;

Канычин – Каныча өзенінің бойындағы Қызыл-Оба өзегінен төмен Тік Каныча өзенінің бастауына дейінгі ұзындығы 2500 м. Параметрлері: ені – 130 м, ұзындығы – 80 м, тереңдігі – 10-12 м, ауданы – 1,1 га. Координаттары: №46⁰28.56 E049⁰02.30 балық аулауға тыйым салу енгізілсін.

9. Шу-Талас балық шаруашылығы бассейні бойынша шектеу мен тыйым салу

28. Балық ресурстары мен басқа да су жануарларының уылдырық шашу және көбеюі кезеңінде мынадай орындар мен мерзімдерде:

1) Билікөл, Бөгеткөл және Ақкөл көлдерін өзара байланыстыратын Аса өзенінде және оның құймаларында 1 наурыздан 1 шілдені қоса алғандағы аралықта ;

2) Шу-Талас бассейнінің басқа су айдындарында 15 сәуірден 31 мамырды қоса алғандағы аралықта балық аулауға тыйым салу енгізілсін.

29. Тыныштық аймағын құру мақсатында Тасөткел су қоймасынан жоғары орналасқан Шу өзенінде, оның құймаларында және Талас өзенінде жыл бойы балық аулауға тыйым салу енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ауыл шаруашылығы министрлігінің

2015 жылғы 8 сәуірдегі

№ 18 - 04 / 323

2-қосымша

Балық ресурстары мен басқа да су жануарларын, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалану орындары мен мерзімдері

1. Арал-Сырдария балық шаруашылығы бассейні бойынша балық ресурстары мен басқа да су жануарларын, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалану орындары мен мерзімдері

1 . М ы н а д а й :

1) Шығыс тасталым сызығынан (Құркелес өзенінің сағасы) Өзбекстан Республикасының мемлекеттік шекарасына дейінгі Сырдария өзенінде және Шардара су қоймасының Шығыс тасталым, Құркелес, Отырлы өзендерінің сағасы, Корей шығанағы учаскелерінде 1 маусымнан 31 наурызды қоса алғандағы аралықта ;

2) Шардара су қоймасының су айлағында 21 мамыр мен 9 сәуірді қоса алғандағы аралықта ;

3) Крепость мүйісі (оң жақ жағалау) мен Әскери бөлім (сол жақ жағалау) шығанағынан Шардара СЭС бөгетіне дейінгі Шардара су қоймасының бөгет алды учаскесінде ауларды қолданбай 1 желтоқсаннан 29 ақпанды қоса алғандағы аралықта ;

4) Оңтүстік Қазақстан облысы шегіндегі су айдындарда және Шардара су қоймасынан Қызылорда облысының әкімшілік шекарасына дейінгі Сырдария өзенінде 1 маусымнан 14 сәуірді қоса алғандағы аралықта;

5) сағадан Оңтүстік Қазақстан облысының әкімшілік шекарасына дейінгі Сырдария өзенінде 31 мамырдан 31 наурызды қоса алғандағы аралықта;

6) Кіші Арал теңізінің су айлағында 11 маусымнан 30 сәуірді қоса алғандағы аралықта ;

7) Қызылорда облысының шегіндегі су айдындарда 11 маусымнан 19 сәуірді қоса алғандағы аралықта ;

8) артемия жұмыртқаларын жинау және дайындау үшін Өзбекстан Республикасының мемлекеттік шекарасына дейін Қазақстан Республикасы аумағының шегінде Тұщыбас, Чернышева шығанақтарын қоса алғанда, Үлкен Арал теңізінде 1 тамыздан 31 наурызды қоса алғандағы аралықта балық ресурстары мен басқа да су жануарларын, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалану орындары мен мерзімдері (бұдан әрі – пайдалану орындары мен мерзімдері) белгіленсін.

2. Балқаш-Алакөл балық шаруашылығы бассейні бойынша пайдалану орындары мен мерзімдері

2 . М ы н а д а й :

1) кәсіпшілік емес балық аулау құралдарын қолдана отырып:

Қапшағай СЭС бөгетінен 6-шы балық қабылдау пунктіне (Аралтөбе ауылы) дейінгі Іле өзенінде 6 маусымнан 4 сәуірді қоса алғандағы аралықта;

Іле өзенінің атырауында 2 маусымнан 14 сәуірді қоса алғандағы аралықта;

Шарын өзенінің сағасынан ҚХР мемлекеттік шекарасына дейінгі Іле өзенінде 6 шілдеден 24 наурызды қоса алғандағы аралықта;

2) Балқаш көліне құятын сағалардан 5 км ағыспен жоғарғы бағытта, сондай-ақ Балқаш көлінің ішкі бағыттарында және екі жақтағы 5 км кеңістіктегі сағаларды, жылғаларды және жайылымдарды қоса алғанда, Қаратал, Ақсу, Лепсі, Аягөз өзендерінде 2 маусымнан 14 сәуірді қоса алғандағы аралықта;

3) Балқаш көлінде 2 маусымнан 14 сәуірді қоса алғандағы аралықта;

4) Қапшағай су қоймасында және оған келіп құятын өзендерде және су ағындарында 21 мамырдан 4 сәуірді қоса алғандағы аралықта;

5) Алакөл, Сасықкөл, Қошқаркөл көлдерінде және олардың құймалары мен шығанақтарында, Үржар, Бесқопа, Ырғайты, Теректі, Тентек, Қатынсу, Емел, Ұялы, Қаракөл, Жіңішкесу, Шынжылы өзендерінде 2 маусымнан 9 сәуірді қоса алғандағы аралықта пайдалану орындары мен мерзімдері белгіленсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 15.04.2013 № 351 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.05.2013 № 472 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

3. Ертіс балық шаруашылығы бассейні бойынша пайдалану орындары мен мерзімдері

3 . М ы н а д а й :

1) Жайсан көлінде және Қарақастан Батин шоқысына дейінгі Бұқтырма су қоймасының көл-өзен бөлігінде 31 мамырдан 15 сәуірді қоса алғандағы аралықта ;

2) Батин шоқысынан Бұқтырма СЭС дейінгі Бұқтырма су қоймасының терең бөлігінде 16 маусымнан 30 сәуірді қоса алғандағы аралықта;

3) Шүлбі және Өскемен су қоймаларында, Өскемен СЭС-нан Шүлбі су қоймасына дейінгі және Шүлбі СЭС-нан Павлодар облысының әкімшілік шекарасына дейінгі Ертіс өзенінде 11 маусымнан 9 мамырды қоса алғандағы а р а л ы қ т а ;

4) Павлодар өзенінің арқалық, тұщы және тұзды су айдындарында, Шығыс Қазақстан облысының әкімшілік шекарасынан Ресей Федерациясының мемлекеттік шекарасына дейінгі Ертіс өзенінде және оның жайылмалы су айдындарында 21 маусымнан 9 мамырды қоса алғандағы аралықта;

5) артемия жұмыртқаларын жинау және дайындау үшін Павлодар облысының

су айдындарында 1 тамыздан 31 наурызды қоса алғандағы аралықта;

б) ақсаха балық түрлерін аулау үшін Жайсан көлінде, Бұқтарма және Өскемен су қоймаларында, Өскемен СЭС-нан Шүлбі су қоймасына дейін және Шүлбі СЭС-нан Павлодар облысының әкімшілік шекарасына дейінгі Ертіс өзенінде 11 желтоқсаннан 9 қарашаны қоса алғандағы аралықта пайдалану орындары мен мерзімдері белгіленсін.

4. Есіл балық шаруашылығы бассейні бойынша пайдалану орындары мен мерзімдері

4 . М ы н а д а й :

1) Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарының шегіндегі Есіл, Нұра, Селеті өзендерінде және олардың барлық құймалары мен су қоймаларында 21 мамырдан 19 сәуірді қоса алғандағы аралықта;

2) басқа су айдындарында :
шортан, аққайран, көксерке – 16 мамырдан 14 сәуірді қоса алғандағы аралықта ;

сазан (тұқы) – 21 маусымнан 19 мамырды қоса алғандағы аралықта;

гамарус – 15 қыркүйектен 31 шілдені қоса алғандағы аралықта;

артемия жұмыртқалары – 16 маусымнан 29 ақпанды қоса алғандағы аралықта ;

өзен шаяндары – 16 шілдеден 31 мамырды қоса алғандағы аралықта пайдалану орындары мен мерзімдері белгіленсін.

5. Нұра-Сарысу балық шаруашылығы бассейні бойынша пайдалану орындары мен мерзімдері

5 . М ы н а д а й :

1) Қаныш Сәтбаев атындағы каналдың барлық су қоймаларында (Екібастұз, № 1-11 гидротораптары, № 29 Тұзды су жібергіш):

көксерке – 21 мамырдан 19 сәуірді қоса алғандағы аралықта;

сазан (тұқы) – 1 маусымнан 30 сәуірді қоса алғандағы аралықта;

2) басқа су айдындарында :

көксерке – 21 мамырдан 19 сәуірді қоса алғандағы аралықта;

сазан (тұқы) – 1 мамырдан 30 сәуірді қоса алғандағы аралықта пайдалану орындары мен мерзімдері белгіленсін.

6. Тобыл-Торғай балық шаруашылығы бассейні бойынша пайдалану орындары мен мерзімдері

1) Қостанай облысының Арқалық қаласы мен Амангелді, Жангелді аудандарының су айдындарында:

шортан – 21 сәуірден 19 наурызды қоса алғандағы аралықта; сазан (тұқы), табан, оңғақ, көксерке – 31 мамырдан 19 сәуірді қоса алғандағы аралықта ;

2) Қостанай облысының басқа аудандары мен қалаларының су айдындарында :

мөңке – 11 маусымнан 19 мамырды қоса алғандағы аралықта; шортан, аққайран – 11 мамыр мен 9 сәуірді қоса алғандағы аралықта; сазан (тұқы), табан, оңғақ, көксерке – 1 шілдеден 19 мамырды қоса алғандағы аралықта ;

ақсаха балық түрлері – 1 желтоқсаннан 19 қазанды қоса алғандағы аралықта;

нәлім – 1 ақпаннан 30 қарашаны қоса алғандағы аралықта;

шаян – 1 шілдеден 14 қазанды қоса алғандағы аралықта;

3) Торғай мемлекеттік табиғи қорықтың (зоологиялық) аумағында орналасқан су айдындарында 1 қыркүйектен 14 сәуірді қоса алғандағы аралықта;

4) Ақтөбе облысының басқа су айдындарында:

шортан, көксерке, беріш, аққайран, ақмарқа, қызыл көз, торта, алабұға, тұрпан, тарак балық – 21 мамырдан 19 сәуірді қоса алғандағы аралықта;

сазан (тұқы), мөңке, оңғақ, жайын, қызыл қанатты шұбар балық, айнакөз,

табан – 16 маусымнан 19 мамырды қоса алғандағы аралықта;

нәлім – 1 ақпаннан 30 қарашаны қоса алғандағы аралықта;

ақсаха балық түрлері – 1 желтоқсаннан 19 қазанды қоса алғандағы аралықта;

шаян – 1 маусымнан 14 қазанды қоса алғандағы аралықта;

5) кәсіпшілік емес балық аулау құралдарын қолдана отырып, сағадан (Демалыс үйі мүйісі) Котюбок шығанағының жоғарғы жағына дейінгі Жоғарғы-Тобыл су қоймасында, сондай-ақ Халвай кентінен Аят бұлағының бөгетіне (Тобыл қолтығы) дейінгі және автожол көпірінен (Рудный қаласы – Тобыл станциясы тас жолы) Майский ауылына (Аят қолтығы) дейінгі Қаратомар су қоймасында 2 шілдеден 14 сәуірді қоса алғандағы аралықта пайдалану орындары мен мерзімдері белгіленсін.

7. Жайық-Каспий балық шаруашылығы бассейні бойынша пайдалану орындары мен мерзімдері

1) балық аулауға тыйым салынған орындарды есептемегенде, Каспий теңізінің қазақстандық секторының солтүстік бөлігінің су айлағында 1

қыркүйектен 9 мамырды қоса алғандағы аралықта;

2) Түпқараған мүйісінен Бұрыншық мүйісіне дейінгі Маңғышлақ мыңаралы аралдары мен жапсарлас жағалауында 16 наурыздан 14 қарашаны қоса алғандағы аралықта;

3) Жайық және Қиғаш өзендерінің жанама су айдындарында 1 қыркүйектен 31 наурызды қоса алғандағы аралықта;

4) Жайық өзенінің Золотой арнасындағы Төменгі Пешной (өсімін молайтуға арналған ұйықтық учаскесі), Кіші Дамба, Төменгі Дамба, Жоғарғы Дамба, Жоғарғы Золотой, Төменгі Золотой, Жоғарғы Зарослый, Төменгі Зарослый, Золотенок ұйықтық учаскелерінде, Яицкий арнасындағы Еркінқала, Жоғарғы Сол жақ Яицкий, Төменгі Сол жақ Яицкий ұйықтық учаскелерінде, Жайық өзеніндегі Жаңа Лицевая, Ескі Лицевая, Бугорки, ғылыми зерттеуге арналған Төменгі Татар ұйықтық учаскелерінде мұз қатқан кезеңді қоспағанда, 16 тамыздан 24 сәуірді қоса алғандағы аралықта;

5) Қиғаш өзеніндегі Қамыс, Қарақамыс, Дамба, Круглая, Қызылоба, Қараағаш, Булгач, Төменгі Богатин, Бақыт, Золотенок, Тимофеев, Ягодка, Песок, Жаңа Лицевая ұйықтық учаскелерінде мұз қатқан кезеңді қоспағанда, 16 тамыздан 24 мамырды қоса алғандағы аралықта;

6) Құшым өзенінде және Киров, Бітік, Донголюк, Пятимар су қоймаларында 16 маусымнан 30 сәуірді қоса алғандағы аралықта;

7) Шалқар көлінде, Жайық-Құсмұрын суғару-суару жүйесінің көлдерінде және Қамыс-Самара жүйесінің көлдері мен өзендерінде 1 маусымнан 30 сәуірді қоса алғандағы аралықта;

8) Батыс Қазақстан облысының басқа су айдындарында 16 маусымнан 30 сәуірді қоса алғандағы аралықта;

9) шаяндарды аулау үшін барлық суда 1 қазаннан 30 сәуірді қоса алғандағы аралықта;

10) кәсіпшілік емес балық аулау құралдарын қолдана отырып: Атырау облысының шегіндегі Жайық өзенінде 16 маусымнан 31 наурызды қоса алғандағы аралықта;

Қиғаш өзенінде, оның барлық каналдары мен өзектерінде 21 мамырдан 19 сәуірді қоса алғандағы аралықта;

Жайық өзенінде, оның барлық жанама су айдындарында (старицалар, құймалар, жылғалар, өзектер) 16 маусымнан 9 сәуірді қоса алғандағы аралықта;

Батыс Қазақстан облысының шегіндегі басқа су айдындарда 1 маусымнан 30 сәуірді қоса алғандағы аралықта пайдалану орындары мен мерзімдері белгіленсін.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 15.04.2013 № 351 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң

қолданысқа енгізіледі); 08.05.2013 № 472 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

8. Шу-Талас балық шаруашылығы бассейні бойынша пайдалану орындары мен мерзімдері

8 . М ы н а д а й :

1) Билікөл, Бөгеткөл және Ақкөл көлдерін өзара байланыстыратын Аса өзенінде және оның құймаларында 2 шілдеден 29 ақпанды қоса алғандағы а р а л ы қ т а ;

2) басқа су айдындарында 1 маусымнан 14 сәуірді қоса алғандағы аралықта пайдалану орындары мен мерзімдері белгіленсін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК